

## Г. ПОТАНИННІҢ АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕ САЯХАТЫ

Г. Н. Потанин өз өмірін Азия елдерін зерттеу-ге арнаған ірі саяхатшының бірі. Саяхат кезінде ол құнделіктер жазып отырды. әсіресе 1876–1877 жж., 1879–1880 жж. солтүстік-батыс Монголияға, 1899 ж. үлкен Хинганға саяхаты кезінде жазған құнделіктері бүтінгі қуні де маңызын жойған жок. Оның құнделіктері үшінші жақтан жазылған, жолдағы қындықтар айтылмайды. “Солтүстік-батыс Монголия очерктеріне” жазған алғы сөзінде Г. Потанин топография мен этнография бойынша фактілерді ғана мазмұндап, саяхаттан алған жеке әсерін жазбай-ақ қоюды көздегенін, ейткені орыс саяхатшылары ғалымдар үшін жазады, көпшілік оқырманға тілі түсініксіз деген ескертуге жасап, кінә қойылғанын айтып кетеді [1, 6].

1874 жылы Г. Н. Потанин жер аударылудан босатылып, 1878 жылы оның Монголия, Урінхай елкесіне, Қытай, Тибетке экспедициясы бас-талды. Ёзінің ғылыми саладағы достарымен, әсіресе П.П. Семеновпен байланысын үзбей, экспедицияда жинаған мәліметтерді Петербургке әкеліп өңдеу бағысында революционерлер үйіммен бірге жұмыс жасауды тоқтатпады.

Монголия мен Қытайға жасаған саяхатынан жазған құнделігі кейін көп томдық шығармалар-ға айналған. Осынысмен құнды болып келген. Академик С. Олденъбергтің айтуынша, жекелеген жерлер мен орындағы бақылаулары аса маңызды, сол

кезде жазылған құнделік мәліметтері аса құнды болып келеді. Оған зерттеушілер жиі-жиі тоқталауды.

1892 ж. күзде Қяхтадан шығып, Қытайға екінші экспедициясы басталды. Оның құрамына Григорий Николаевич және Александра Викторовна Потаниндер, зоолог М.М. Березовский, монгол тегінің аудармашысы ретінде бурят Б.Г. Рабданов пен коммектор В.А. Кашкаров болды. Одан басқа, Географиялық қоғам бұған дейінгі Прежевальский мен Потанин экспедицияларына бірде-бір геолог қатыспады деген фактіні ұстанып, ішкі Азияның геологиялық құрылымы маман бақылауына алынбағанын ескеріп, экспедицияға жас геолог В.А. Обручеваны қосып берді.

Потаниннің алдағы тапсырмасы Тибеттің шығыс аймағын және көрші Қытайдың Сы-чуань провинциясын зерттеу болды, ал геолог, мұнымен қатар, Орталық Азия, көң шатқалды Нань-шань мен Солтүстік Қытаймен танысу керек болғандықтан, ол бөлек саяхат жасады.

Григорий Николаевич бір жыл ерте кетіп қалған Березовскийден басқа өз серіктерімен Қяхтада Қытай шекарасында ауыстыратын аттар мен арбалар көмегімен, еш бақыламай, Монголия арқылы пошта жолымен жүріп өтті. Бұл жол әбден қажытты. Потаниннің жұбайы отырған арбаның пішіні куб

тәрізді, кішкене есігі бар және оған қарама-карсы кішкене терезесі бар қорап тәрізді болды; бұл қорап осыке екі үлкен дөңгелекке ешқандай дәнекерсіз бекітілген еді. Қорапта тек жастыққа отырып, аяғын шығарып отыру мүмкін еді. Ал жылқыларды арбага шеберлікпен жеккен: жекпенің бас жағына кесе көлденең бекітілген, екі өртоқымды бекіткен, осылайша алғашқы қауымдық экипаж сокпа жолмен де, тасты жолмен де жүріп келе жатты. Алдында отырған екі салт аттыларды әр жекпе бекітілген тізгін арқылы арбаны ірі шоқырларда дөңгелектер шығып кетпес үшін және арба аударылып кетпес үшін бағыттап отырды. Осылайша желе жортып немесе бір станциядан екінші станцияға шауып жетіп отырды; ал жолаушылар өздері бір бөшкеде отырғандай және соны кия беткейінен жібергендей сезініп отырды. Ал станцияларда салт аттылар ауысқанша сілкінуден кішкене демалып алуға болатын еді.

Кяхтадан Урга (Ұланбаторға) дейінгі жерлер таулы болып келеді. Жол бірде өзен анғарларымен, бірде үлкен тау қыраттарымен өтіп отырды; оның солтүстік беткейі – орман жамылғысымен, онтүстік беткейі – даламен шектесіп жатқан еді. Асулардан өткен сайын алдан тура сондай қыраттар, көлденеңінен созылып, бірімен бірі жалғасқан толқынды шоқылар шығып отырды. Алыс жерлердегі кейбір қыраттар ішінен биік шындар да көрініп тұрды.

Далада монголдардың киіз үйлері мен отар мал жайылымдары көрінді. Тауларда Сібір арқылы өтетін шай тиелген арбалар, Монголия арқылы Кяхтага баратын екі дөңгелекті арбалар мен түйе мінген керуендер жиі кездесетін.

Асуларда жүріс баяулап, оның есесіне құламаларда қайта басталатын селкілдеуден демалуға болатын еді.

Ургадан Калганға дейінгі пошта жолы Гобиді кесіп өтетін. Алғашқы станцияларда жер таулы болып келді, бірақ ормансыз еді. Кейіннен ол бірте-бірте жазыққа ауыса берді; кең шұңқылар, жазық бектерлер немесе тау мен қыраттың аласа қатарларымен кезектесіп келіп отырды. Даланың есімдік жамылғысы барған сайын кедейленіп, шөптерін ұсақ бұталар алмастырып, оның арасында ашық жатқан топырактарды құмдақ пен ұсақ тасты жерлер алмастырып отырды. Бұл батыстағыдай еш жемісі жоқ және сусыз кеністікті емес Гоби еді. Құдықтар жиі кездесіп тұрды және оның жанында монголдардың киіз үйлері тігілген. Оңтүстікке жақын өнірлерде шөп пен біршама тығыз орналасқан тұрғындар пайда болды, тіпті қытай жеріленушілігінің пәселкелері кездесе бастады. Бұл Гоби

шөлінен өтті деген сөз.

Бұндай біртекті жерлермен күздік сарғайған далада адам қызығарлық ештене жоқ еді. Сондықтан барлық көніл жеткізушилерді бакылауға алды. Төрт салт аттыдан басқа, арбаны жол үстінде сырт көзге әдейі отырғызылған монголдар да бар еді. Бір сөзбен айтқанда, арба жүргізушилер саны 12 – 15 болды. Ер адамдардан басқа, арба жүргізушилер, әйелдер мен қызы балалар болды. Олардың бәрі шулап, айқайлап, сөйлесіп жатты. Жастар қалжындал, жарқын күле бастады. Олардың екі езуі құлағына жеткен келбеттеріне сүйсіне қарадық. Салт аттылардың сөздерінде мәнерлілік басым еді. Потанин қандай да бір шулап бара жатқан монголдың суретін салуға қарындаш алмағанына қатты өкінді. Көнілі тасуши топпен саяхатшылар табысып жатты, өте жылдам жүріс кезінде шекелерімен соғысып, тілін тістеп алып, арбаның төбесіне бастарын ұрып алғандары бар еді.

Кешкे олар киіз үйге түнеп шығуға аялдады, онда жылынып алатын от тапты, сүт, май, тұз қосылған шай мен кешкі тамакқа кой еті әкелінді. Олар тондарын жамылғып, киіздің үстінде түнеп шықты, танертеңмен тез тамактанып, селкілдек жолдарына шықты. Бір күнде 4 – 5 станциядан өтіп отырды және жалпы Кяхтадан Калганға дейін екі аттадай жүріп отырды.

Г.Н. Потаниннің ірі еңбектері қатарына 1893 ж. Орыс Географиялық қоғамы шығарған Қытай мен Орталық Монголияға жасаған саяхаты туралы екі томдық кітабы болып табылады. Оның бірінші баспасына екі карта енгізілді: А.И. Скассидің маршрутта жасаған көріністері және Қытайдың үлкен картасы. Ісімдіктердің атын жазған кезде Потанин жергілікті атауларды (қытай, монгол, тангут, салар, т.б.) қолданған.

Орхон, Селенгі бойларын мекендеген халықтардың өміріне салыстырмалы талдау жасаған [2, 577].

Қорыта айтқанда, Г.Н. Потаниннің Азия елдеріне саяхатының нәтижесі шығыстану ғылымына қосылған үлкен үлес еді. Оның көптеген мәліметтері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

## ӘДЕБІЕТ

- Потанин Г.Н. Путешествие по Монголии. М., 1948.
- Потанин Г.Н. Тангутско-Тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. М., 1950.

## Резюме

В статье рассматривается научно-исследовательская деятельность русского востоковеда Г. Н. Потанина. В частности, Потаниным проведена большая работа по исследованию народов Сибири, Центральной Азии. Научное на-

следие Г. Н. Потанина – это источник для работы историков, этнографов, археологов, источниковедов.

### **Summary**

The article focuses on academic activity of the famous orientalist G. N. Potanin. Among others, it examines the Potanin's research on various peoples of Siberia and Central Asia. Potanin's academic works are an important source for

further research in history, ethnography, archeology.